

Біржолғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 3 мамырдағы № 654 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 мамырда № 4-1-162 тіркелді. Күші жойылды - Атырау қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 47 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау қалалық әкімдігінің 2013.01.31 № 47 ш е ш і м і м е н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20-бабына сәйкес, Атырау қалалық Мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы XXVII сессиясының № 316 "2012-2014 жылдарға арналған қала бюджеті туралы" шешімі негізінде қалалық әкімдік

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Келесі санаттағы азаматтарға:
 - 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне – 100 000 (жүз мың) теңге;
 - 2) "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға – 5 0 0 0 (бес мың) теңге;
 - 3) екінші дүние жүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 5000 (бес мың) теңге;
 - 4) бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде), жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу

құрамының әскери қызметшілеріне, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге және басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілерге – 5000 (бес мың) теңге;

5) Ауғанстандағы ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына - 5000 (бес мың) теңге;

6) 1986-1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы (бұдан әрі – АЭС-і) апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға, Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдарға, ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балаларына, сондай-ақ 1988-1989 жылдардағы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысқан, оқшаулау аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аудартқан (өз еркімен көшкен) адамдар қоныс аудартқан күні анасының құрсағындағы балаларды қоса алғанда – 5000 (бес мың) теңге;

7) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан жауынгерлердің қайталап некеге отырмаған зайыптарына (жұбайларына), Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарға – 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілсін;

8) 1, 2, 3 топтағы мүгедектерге – 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде;

9) 18 жасқа дейінгі мүгедек балаларға – 5000 (бес мың) теңге мөлшерінде.

Ескерту. 1-ші тармақ 8), 9) тармақшалармен толықтырылды - Атырау облысы қалалық әкімдігінің 2012.10.31 № 1784 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.С. Қарабаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 7 мамырда туындайтын құқықтық қатынастарға таралады.

Қала әкімі

А.А. Керімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК